

## ЕРЖАН ЖАТҚАНБАЕВ

Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы жоғары мектеп ҰҒА академигі, Минералды ресурстар халықаралық академиясының мүшесі Ержан Байғожаұлы Жатқанбаев - Қазақстан жоғары мектебінің өсіп-өркендеуіне, Қазақстан жоғары білімі мен ғылымының дамуына ерен еңбек сіңірген көрнекті қайраткер.

Жоғары мектептің қызметі білім мен ғылымның қайнап қорытылып, бірбүтін асыл қазынаға айналу сапасын ұдайы жақсарту үдерісі түрінде сипатталады. Бұл үдеріс – өзіне тән даму заңдылықтары бар, өз алдына дербес, біртұтас күрделі құбылыс. Оны тану, меңгеру, басқару іргелі ойлауды, ірі ізденісті, ерен ерік-жігерді, ересен еңбекті талап етеді. Бұлардың бәрінің бір адамның бойынан табылуының да өз заңдылығы бар. Ғылым мен білім жолына түскен адамда іргелі ойлаудың, ірі ізденістің, ерен ерік-жігердің болуы, солардың бәрінің ересен еңбек пен басқару өнері арқылы игілікке айналуы – қасиеттің көрінісі. Оның негізі әр адамның бойында туысынан болады. Ал оның дамуы, қалыптасуы, өркендеуі бар адамның болмысында бірдей емес. Кісі болмысындағы қасиеттің негізі дамып, қалыптасып, өркен жайып, кемелдікке жеткенде, ол білім мен ғылымның қайнап қорытылып, бірбүтін асыл қазынаға айналу сапасын ұдайы жақсарту үдерісінің қуат-көзіне айналады.

Ержан Байғожаұлы – Қазақстан жоғары мектебінің іргелі ойлау, ірі ізденіс, ерен ерік-жігер, ересен еңбек үлгісін көрсеткен, білім мен ғылымның қайнап қорытылып, бірбүтін асыл қазынаға айналу сапасын ұдайы жақсарту үдерісінің қуат көзіне айналған тұрлаулы тұлғасы.

Ержан Байғожаұлы 1944 жылы Алматы облысы Талғар ауданында таулы-бақшалы Бесқайнар ауылында дүниеге келді. Көзін ашқанда көргені Тәңіртаудың таңғажайып тамаша ажары, аршалары мен шыршалары болды. Тәңіртаудың аршалары мен шыршалары туралы Бесқайнар ауылының ескі көз қариялары айтатын аңыз бар. *Аңыз бойынша, қарлығаш мәңгілік жастық суын тауып, оның бір ұрттамын ұрттап алып, адамдарға қарай ұшып келе жатады. Қарлығаш аузындағы бір ұрттам мәңгілік жастық суын адамдардың үстіне сеуіп, оларға мәңгілік жастық өмір бермек болыпты. Мұны білген сона қарлығаштың аузындағы мәңгілік жастық суын өзі ішпек болады. Сона осы оймен қарлығаштың жолын тосып, алдынан шығып, оны шағып алады. Сона шағып алғанда, қарлығаштың жаны ауырып: «Аһ!» - деп қалыпты. Сонда қарлығаштың аузындағы мәңгілік жастық суы Тәңіртаудың шыршалары мен аршаларының үстіне төгіліпті. Мәңгілік жастық суының қасиетін Тәңіртаудың шыршалары мен аршалары сақтап қалыпты. Олардың үнемі көкжасыл болып тұратыны, шипалы болатыны осы себепті екен.*

Аңызды ауыл адамдары шын ықыластарымен айтады. Ержан Байғожаұлы да ауылдастарын қостайды. Аңыздың шығу төркінін іздеп жүріп,

оның ілгері замандарда жарық көрген бірнеше нұсқасын таптым. Бір нұсқасы граф А.П. Беннигсен жинап, құрастырып, 1912 жылы С.-Петербургте шығарған «Орталық Азия аңыздары» жинағында жарияланыпты. Содан бері Ержан Байғожаұлының ауылдастары айтатын аңыз желісін мен де шын ықыласпен еске алатын болдым. Тәңіртауға, оның қарлығашына, шыршалары мен аршаларына деген ықыласым да арта түскенін сезінем. Ержан Байғожаұлының Тәңіртауға, оның шыршалары мен аршаларына деген ерекше ықыласын аңғарғанда, өзім де іштей толқып қалғандай боламын...

Ержан Байғожаұлының азамат, ғалым, ұстаз ретінде қалыптасуында М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде оқып, білім алған жылдардың (1962-1968) орны ерекше маңызды. Москва мемлекеттік университеті ол кезде де әлемдегі ең алдыңғы қатардағы университеттердің бірі еді. Ол тұста кеңестер одағында одан асқан алып университет болған жоқ. Осындай жоғары оқу орнында бес жыл оқып, ойы мен бойына сіңірген білім нәрі, оқу нәтижесінде алған «Экономист. Экономикалық теория оқытушысы» деген біліктілік, білімі мен біліктілігін осы университеттің аспирантурасында тереңдетіп, ғылыми-зерттеу негіздерін меңгеру Ержан Байғожаұлының ғылыми-педагогикалық қызметінің қандай кезеңдерінде де мызғымас берік негіз, өзінің де, өзгелердің де көңіл көзін ашқандай шамшырақ іспетті болды. Экономика ғылымдары бойынша 1979 жылы - кандидаттық, 1995 жылы докторлық диссертацияларын қорғады. Жоғары білім саласында ғылыми-педагогикалық қызметтер атқара жүріп, доцент, профессор ғылыми атақтарын алды, Ұлттық және халықаралық ғылым академияларына мүше болып сайланды.

Ержан Байғожаұлы Москва мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірген соң, еңбек жолын жоғары мектеп жүйесінде ассистент болып бастайды. 1979-1984 жылдары Қазақстан Республикасы жоғары білім министрлігінде инспектор болды. 1984 жылдан бері қарай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, институт директоры, проректор қызметтерін абыроймен атқарды, қазіргі шақта университеттің экономика және бизнес жоғары мектебі құрамындағы менеджмент және маркетинг кафедрасының профессоры болып жұмыс істейді.

Профессор жоғары мектеп ғылымының дамуына зор үлес қосты. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша 210-нан астам ғылыми еңбектері жарық көрді, таңдамалы еңбектері Ресей, Индия, Словакия, Польша, Түркия, Австралия және басқа елдердің ғылыми басылымдарында жарияланды. Кейінгі бес жыл көлемінде төрт оқу құралы, екі оқулық, бір монографиясы жарық көрді. Зерттеулерінің басты нәтижелері өндіріске енгізілді, оқулықтар мен оқу құралдары, лекциялық курстар түрінде оқу процесінде қолданылуда, монографиялары жоғары білікті ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау ісінде пайдаланылуда. Ғалымның іргелі еңбектерінің қатарында «Орысша-ағылшынша-қазақша қаржы-банк сөздігі» (Алматы, 2006), «Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары»

(Алматы, 2008) сияқты қолданбалы сипаттағы еңбектерінің маңызы мен мәні де жарқырап көрінеді.

Автордың мемлекеттік және нарықтық басқару, экономика теориясының негіздері, аралас экономика негіздері, экономикалық ілімдер тарихы мен теориясы, Қазақстанның ұлттық мүдделері және жаһандану, экономиканы мемлекеттік реттеу, экономикадағы ғылыми зерттеу әдістері және басқа өзекті ғылыми мәселелер бағытындағы еңбектері, іргелі зерттеулері методологиялық негізінің беріктігімен, ғылыми-теориялық мәнінің тереңдігімен, әлеуметтік маңызының жоғарылығымен және тиімділігімен бағалы. Осы ретте ұстаздың «Экономиканы мемлекеттік реттеу» (Алматы: Экономика, 2014) оқулығын ерекше атап өту парыз. Оқулықта экономиканы мемлекеттік реттеудің тетіктері, механизмдері, әдістері мен амалдары, құралдары, олардың қызмет ету заңдылықтары сияқты маңызды теориялық және практикалық мәселелері қарастырылған. Жаһандану жағдайында экономиканы нарықтың өзі реттейді деген теріс түсінік туып, ол түсінік мамандардың бірқатарында өзгермеген қалпында қалып келді. Мемлекеттік органдар экономикалық үдерістерді қалай және қандай дәрежеде реттейтіні, бұл орайда қандай тәсілдер мен құралдарды қалай пайдалана алатыны айқындалмаған, экономиканы мемлекеттік реттеудің мәнді сипаттамалары негізделмеген жағдайда ел экономикасын мемлекеттік реттеу бағытында іргелі ғылыми зерттеу жүргізу, зерттеу нәтижелерін іс жүзінде қолдануға дайындау, жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған «Экономиканы мемлекеттік реттеу» оқулығын жазу аса ірі әрі өзекті әлеуметтік мәселенің шешімі еді. Е.Б. Жатқанбаевтың оқулығы ел экономикасын мемлекеттік басқару мен реттеудің көкейкесті мәселелері бойынша ғылыми және практикалық маңызы зор жетістіктерге негізделген жаңа ғылым пәні және жаңа оқу пәні болды. Ержан Байғожаұлының еңбегі қазақ ғылымы мен білімінің, Қазақстан жоғары мектебінің интеллектуалдық құндылығына айналды.

Ержан Байғожаұлы тәуелсіз Қазақстанның жоғары мектебінде экономика ғылымы мен экономикалық білімнің жаңаруы мен жаңғыруының барлық кезеңдерінде байыпты бастаушы, ұлағатты ұйымдастырушы, білікті басқарушы бола білді. Университеттің философия-экономика факультеті 1991 жылы екі факультет болып қайта құрылды: экономика және социология факультеті; философия және политология факультеті. Экономика және социология факультетінің декандығына Ержан Байғожаұлы Жатқанбаев тағайындалды. Ержан Байғожаұлы факультет мамандықтары бойынша, ол мамандықтардың әр оқу пәні бойынша жаңа білім мазмұнын анықтау, білім беру ісінің жаңа нормативтік-құқықтық негіздерін жасау, оқу үдерісін жаңа оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, білім берудің жаңа жүйесіне көшуді толық іске асыру істерін ұйымдастыру, басқару, атқару деңгейлері бойынша ерен еңбек етті. 1997 жылы университеттің екі факультетінің негізінде Экономика және құқық институты құрылды. Институт директоры болып университеттің халықаралық қатынастар және оқу-әдістемелік

жұмыстар проректоры Ержан Байғожаұлы тағайындалды. Ержан Байғожаұлы проректор-директор болып екі қызметті қоса атқарды. 2005 жылы институт экономика және бизнес факультеті болып қайта құрылды. Қайта құрылған факультетті басқару Ержан Байғожаұлына тапсырылды. Осы аталған өзгерістер, қайта құрулар негізінде қыруар жұмыстар, қиындықтар тұрды. Олар белгілі бір саланы немесе белгілі бір құрылымдық бірлікті басқарудағы қиындықтар емес, күрделі жүйені басқарудағы қиындықтар еді. Бұл қиындықтардың салмағы да Ержан Байғожаұлына түскені анық. Ержан Байғожаұлы өзіне сеніп тапсырылған істің ауырлығынан да, қиындығынан да қайтқан жоқ, аянбай еңбек етті, басқару мәдениетінің жоғарылығы, басқарудың теориясы мен практикасы, технологиясы саласындағы біліктілігі мен күзiреттілігі әр істе игілікті нәтижелерге жеткізді.

Ержан Байғожаұлы ғылыми-педагогикалық қызметінде жоғары білікті мамандарды даярлау ісіне ерекше мән береді. Философия докторларын (PhD) даярлау оңай іс емес. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, философия докторы болатын жас оқуға ғылыми кеңесші-жетекшінің таңдауы бойынша емес, министрлік бекіткен талаптарға сай жалпы конкурс негізінде қабылданады. Екіншіден, тиісті талаптарға сай конкурс негізінде қабылданған докторанттардың ішінде ғылыми кеңесші-жетекші талабына сай келетін бір талапкер табылса, онда ол – ғылымның жетістігі. Халықтың: «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар», - деген даналық сөзінде қапы жоқ. Ғылыми жетекші-кеңесшінің жүзден бірді таңдауына жағдай жасалса, жүйріктің бағы ашылмақ. Ғылыми жетекші-кеңесшінің мыңнан бірді таңдауына жағдай жасалса, тұлпардың бағы ашылмақ.

Білім беру, оқыту ісі – ерекше жасампаздық іс. Ұстаздың беретін білімі, қарлығаштың аузындағы бір ұрттам мәңгілік жастық суы секілді, түскен жеріне мәңгілік қасиет береді. Ұстаздың ұсынған білімін шәкірт бар ықыласымен қабылдап, көңіліне тоқып, ұдайы ізденіп, талаптанып отырса, үнемі талаптанумен қатар толассыз еңбектенетін болса, талабы мен еңбегі әрдайым терең ойлаумен ұштасатын болса, онда ұстаз еңбегімен келген білімнің жасампаздық қасиеті ашылады. Ұстаздың еңбегінің өнуі дегеніміз - ұстаз берген білімнің шәкірттің ақыл-ой кеңістігінде жасампаздық қасиетпен тау шыршасындай қысы-жазы көкжасыл болып жайқалып тұруы.

Білім туралы, ұстаз бен шәкірт туралы қанатты сөздер де, сәулетті ойлар да аз емес. Ұстаз өзі сарылып іздеген білімінің жақұттай жарқ еткен бір түйірін тапса, шын жүректен қуанады. Осындай табысқа ұстаздың шәкірті жетер болса, оған ұстаз шәкіртінен артық шаттанады. Мұндай шынайы шаттық ұстаздың өмірінде де, шәкірттің өмірінде де сирек, сирек те болса, оның өмірлік мәні үлкен.

Ержан Байғожаұлы мәпелеп өсірген 40-тан астам ғылым докторлары мен кандидаттарының, философия докторларының (PhD) ішінде талабымен, талант-қабілетімен, еселі еңбегімен, терең ойымен сүйсіндіргендері де, қуантқандары да болды. Олардың ішінде ғылым мен білімді ұштастырып, өзі сияқты ұстаздық жолды таңдағандары да бар.

Өмірде өшпейтін, көшпейтін білімді ұлағатты ұстаз береді. Ұлағатты ұстаздан алған білімде мәңгілік қасиет болады. Ержан Байғожаұлының шәкірттеріне берген білімі мен ілімінен шырша мен аршаға қонған мәңгілік қасиеттің лебі еседі.

Ержан Байғожаұлы Жатқанбаев – Қазақстан жоғары мектебінің көрнекті қайраткері, тұрлаулы тұлғасы, ұлағатты ұстазы.